

Человек, намеревающийся принять участие в работе над совершенствованием существующего законодательства, должен предварительно овладеть достижениями законодательной техники. Берущий на себя ответственность формулировать требования норм права, создавать общеобязательные правила поведения должен иметь представление об основных принципах законотворчества, владеть языком и стилем закона, уметь правильно логически формулировать нормативно-правовые предписания, знать приемы и способы внешнего выражения и формального закрепления правовых предписаний в нормативных правовых актах. Потенциальный участник законотворческой деятельности должен отдавать себе отчет в важности его профессиональной подготовки для полноценного и эффективного в законотворчестве участия и иметь внутренние барьеры, предохраняющие его от попыток участвовать в этом сложнейшем процессе наобум, используя метод проб и ошибок. Экспериментирование в законодательстве, отсутствие умения и слаженности у его участников слишком дорого обходится обществу.

Законотворчество — исключительно сложный и трудоемкий процесс, предполагающий упорную и кропотливую работу. Сбор, исследование и анализ действующих и утративших силу нормативных правовых актов, исследование зарубежного опыта правового регулирования, законотворческое познание, сбор и анализ фактических материалов по регулируемой сфере общественных отношений, формулирование смысла нормы права, нахождение наиболее оптимального способа ее выражения в законодательстве, выполнение формальных процедур в ходе законодательного процесса, приведение законодательных актов в соответствие между собой, их систематизация, анализ результатов законотворчества — все это требует не только профессионализма, но и трудолюбия, усидчивости, ровного и выдержанного характера, способности к поэтапному выполнению трудоемких задач.

Информационное обеспечение законотворческого процесса, при условии правильно организованного и научно обоснованного его проведения, является очень важным условием позитивных результатов процесса создания, изменения, совершенствования и отмены нормативных правовых актов.

Список литературы:

1. Чухвичев Д.В. Законодательная техника. – М.: Закон и право, 2006. - 239 с.
2. Марченко М.Н. Источники права. – М.: Проспект, 2007. - 760 с.
3. Керимов Д.А. Законодательная техника. – М.: Юрист, 2000. - 258 с.
4. Кащанина Т. В. Юридическая техника: учебник. - М.: Норма, 2011. - 496 с.

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІКТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бирманова А.И., з.ғ.м., мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы

Жамау Н., заң факультетінің 2 курс студенті, Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Әлемдегі әрбір мемлекет өзінің Конституциясына сәйкес сыртқы және ішкі саясатпен айналысатыны белгілі. Өзінің атауы айтып отырғандай, сыртқы саясат шет мемлекеттермен жүргізілетін қарым-қатынас, ал ішкі саясат мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтып, жаһандану процессінен қалмай алға қарай даму үшін қажетті тетіктердің бірі. Ал соңғы жылдары ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым көп айтылып жүр.

2000 жылғы қыркүйекте өткен Мыңжылдық саммитінде әлемнің көптеген елдерінің лидерлері Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық декларациясын қабылдады, оның сегіз мақсатының бірі гендерлік тендікті қолдау болып айқындалған.

Бұл мәселеге БҰҰ Бас ассамблеясының "Әйелдер 2000 жылы: әйелдер мен ерлер арасындағы тендік, ХХІ ғасырдағы даму және әлем" атты 23-ші арнайы сессиясы арналды. Осы сессияға қатысушы үкіметтерге әйелдердің өмірдің барлық салалары мен барлық деңгейлеріне тең қол жеткізуін және толық ауқымда қатысуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 27 қарашадағы N 1190 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат тұжырымдамасы» қабылданды. Тұжырымдама Қазақстандағы гендерлік саясаттың негізгі қағидаттарын, басымдықтарын мен міндеттерін белгілейді [1].

Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді.

Гендер – бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы. Ал гендерлік теңдік дегеніміз – әлеуметтік функцияларды орындау кезінде жыныстық тегіне қарамастан әйелдер мен ерлердің ресурстар мен игіліктерге тең дәрежеде қолжеткізуі. «Бұл бізге не үшін қажет?» - деген сұрақ туындауы мүмкін. Ең біріншіден, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Сондықтан әр адамның, ол әйел болсын еркек болсын, құқықтары және міндеттері тең дәрежеде болуы тиіс. Тең құқықтар – ерлер мен әйелдер үшін азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа да құқықтарды жүзеге асырудың мемлекет кепілдік берген, Қазақстан Республикасының Конституциясында және заңдарында бекітілген тең құқығы; тең мүмкіндіктер – құқық теңдігіне нақты қол жеткізу үшін қажетті құралдар мен жағдайлардың жүйесі. Ешқандай кемсітушілікке жол берілмей, құқықтарының қорғалуы қамтамасыз етіледі. Бірақ көпшілігі мұны түсіне бермейді. Адамдар гендерлік теңдікті тек әйелдер құқығын қорғап, оларды көтермелеу деп санайды. Мұның себебі әйелдердің қоғамдағы, отбасындағы орны ер адамнан әрқашан төмен деп қалыптасып қалған қағида болуы мүмкін. Гендерлік теңдік дегенді тіксіне қабылдаушылар арасында «әйел еркектен төмен тұруы керек» немесе «анда-санда әйелді сабап алғанның сөгеттігі жоқ» деген түсінік қалыптасқан. Бұл қаншама жылдар бойы қалыптасып, сіңген қағида. Сондықтан көпшілікке гендерлік теңдікті мойындау, қолдау, қабылдау, түсіну, оны қалыпты жағдай деп тану қиынға соғуда. Бірақ біздің еліміз гендерлік теңдікті қалыптастыру жолында. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды [2, 19].

Дінге келер болсақ, дін жолын берік ұстанғандар арасында әйел адамның ер адаммен жағаласып қызмет етуіне қарсы пікір айтады. Бірақ Ислам әйелдерді сыйлауға, жақсы көруге және оған құрметпен қарауға үндейтінін аңғаруға болады. Ислам қағидасы бойынша ер мен әйел біртұтас, қандай жағдайда да бөлуге болмайды. Олар үшін бір-бірінсіз мына әлем мәнсіз, олардың әрқайсысының өмірдегі мұраттары мен мақсаттары және атқаратын міндеттері алдын-ала анықталған. Расында да Алла әйелді Жаратушысына бағынып, жанұясының түтінін түзу түтетуге, бәрінен бұрын дүниеге сәби әкеліп, ұрпақ жалғастыру үшін жаратқан. Мұсылман әйелдері алдыңғы кезекте жанұясының игілігін ойлауы тиіс. Бірақ дәстүрлі діндердің бәрінде ер адамның әйелден жоғары тұратындығы, әйел бала тауып, ана болып, үй іші тірлігін атқаруы тиістігі нақтыланған. Құранда Алла ер адамның дәрежесін әйелден жоғары етіп жаратты деген аят бар. Барлық дәстүрлі діндерді ресми дәрежеде ұстанатын елдерде әйелдер отбасының ұйтқысы болып саналып, үй іші тірлігімен ғана айналысады. Сондай-ақ, Ислам әйелдерге саяси немесе қоғамдық өмірдің басқа да салаларында табысқа қол жеткізуге тыйым салмайды, керісінше өзі өмір сүріп отырған қоғамды дамыту, көркейту үшін атсалысуға даяр әйелдерді мадақтайды. Бірақ бұл мүмкін бола бермейді, себебі әйел жұмыс істесе, ерлермен теңестіріні істерді атқарса отбасын ойлауға уақыты да, мұршасы да болмайды. Ал тұрмысқа шығып, бала туып, үйде отыратын болса өмірдің ағымынан, заманға сай өмірден қалып қоятын секілді көрінеді. Сондықтан болар, қазіргі кезде өз-өзіне сенімді, іскер, ерлермен тең әйелдердің көбісі тұрмыс құрмай, өмірлері жалғыздықпен өтеді. Соның нәтижесі елдегі демографиялық жағдайдың төмендеуіне әкеледі. Әйелдер жұмыс істемесін демеймін, тек өз әйелдік міндеттерін және әйелге тән нәзіктігін жоғалтпаса деймін.

Қазақстан адам құқықтары туралы 60-тан астам халықаралық шарттың қатысушысы болып табылады. Солардың қатарына Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция (СИДО) кіреді. Қазақстанның өз ішінде де бірқатар қабылданған нормативтік құқықтық актілері бар, олар: «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы», «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық проблемаларымен айналысатын мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және қоғамдық бірлестіктердің өзара іс-қимылын ұйымдастыру туралы», «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалуы туралы баяндаманы бекіту туралы». Осы нормалар және көптеген басқа да іс-шаралар арқылы біз гендерлік теңдікті толықтай қалыптастырып, Қазақстанға сіндіре аламыз [3, 19].

Бүгінгі ғылым әйел мен еркектің физиологиялық жағынан біраз айырмашылықтары барлығын мойындағанмен, қазіргі қоғам ер мен әйелді заң жүзінде тең деп жариялаған. Мындаған жылдар

бойы қалыптасқан ер адамдардың үстемдігі туралы түсінікті қысқа мерзім ішінде жойып жіберу мүмкін болмағандықтан, қазір әйел теңдігін жүзеге асыратын гендерлік саясат деген барлық елдерде қолданылады. Бүгінгі қоғамда еркектер істейтін шаруаны әйелдер де жасайды. Әйелдер саясатпен, бизнеспен айналысып, қоғам өміріне белсене араласады. Тіпті, соңғы кезде әйелдер еркектерге тән ауыр атлетика, бокс, шығыс жекпе-жегі сияқты қара күшті қажет ететін спорт түрлерімен де жаппай айналыса бастады. Яғни, қазіргі қоғамда әйел мен еркектің теңдігі нақты іс жүзінде жүзеге асып отыр деп айтуға болады.

Соңғы жүз жылдықтағы жағдайға назар аударып қарасақ, әйелдердің еркектермен теңдігі керісінше, оларға теңсіздік қана емес, зорлық-зомбылық, басқа да көптеген қиындықтар әкелгенін бағамдаймыз. Физиологиялық жағынан әлсіз жаратылған әйелдер еркек адам атқаратын ауыр жұмыстарды жасайтын болды. Бұл олардың денсаулығына, өміріне үлкен залалын тигізіп жатыр. Қоғамдық өмірге белсене араласу әйелдерді нәзік жанды әйел, ана бейнесіндегі табиғатынан аулақтата бастағаны байқалады. Бүгінгі әйелдер өздері дүниеге әкелген баладан оп-оңай безеді, тіпті өз қолдарымен өлтіретін жайлары да жиі кездесіп жатады. Әйелдердің арасында арақ ішіп, темекі тарту, зинақорлық белең алып барады. Жыл өткен сайын әйелдер арасындағы қылмыс деңгейі өсе түсуде. Бір сөзбен айтқанда, әйелдер ана, жар болу сияқты өздерінің табиғатынан аулақтап, азғындықтың құрдымына құлап барады. Әйелдердің теңдігінің әкелген «жемісі» осы. "Ер мен әйелдің тең болуы мүмкін емес. Ер адам дүниеге бала әкелсе ғана теңдік жайлы сөз қозғауға болады." - деген екен Америкалық атақты жазушы-журналист Чак Паланик [4, 39].

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жылдары гендерлік саясатты дамытуда үлкен жұмыстар атқарды. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы «Отбасы және әйелдер істері» жөніндегі ұлттық комиссия құрылды. Осы комиссияның ұйытқы болуымен 2011 жылдың 5 наурызында Қазақстан әйелдерінің тұңғыш съезі болып өтті. Съезде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев ер мен елге қиын болған кезеңде әйел-аналар отбасы мен қоғам жүгін қайыспай қатар көтере білгендігін атап өтті. Сондай-ақ, Елбасы әйелдердің өмірлік маңызды салаларда жұмыс істейтіндеріне назар аударды. Статистикаға жүгінсек, бүгінгі таңда барлық педагогтардың 73 пайызы, дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің 87 пайызы әйелдер болып табылады. Барлық бюджеттік сала қызметкерлерінің 60 пайызы әйелдердің үлесінде. Мемлекеттік басқарудың барлық жүйесі көп жағдайда олардың кәсібилігінің арқасында жұмыс істеп тұр. Тәуелсіздік жылдарында ондаған әйелдер министр және мемлекеттік органдардың басшылары болып тағайындалды. Сондай-ақ «Әйел отбасы мен қоғамда құрметке ие болғанда – еліміз үшін алаңдамауға болады», - деген Елбасының сөзі де айнымас қағида екені даусыз. Себебі, қай қоғам болмасын әйелдерге күллі жақсылық пен парасаттылық иесі деп қарай отырып, ұрпақ тәрбиесін әйел-анаға жүктеген.

Әйелдер мен еркектердің теңдігі бұрыннан қарастырылып келе жатқан мәселе. Феминизм (лат. femina - әйел) — әйелдердің еркектермен саяси, экономикалық, мәдени, жеке және әлеуметтік құқықтығы теңдігі жолындағы және әйелдердің кемсітушілігіне қарсы қоғамдық қозғалыс. Феминизмнің басты идеясы — қоғамның бүкіл саласында әйелдерге еркектермен тең мүмкіншіліктерді орнату. Қозғалыс ретінде феминизм XVIII ғасырда пайда болды. XIX ғасырда басталып, XX ғасырдың бірінші жартысына дейін созылған феминизмнің бірінші толқынындағы күрестің басты мақсаты әйел мен еркектің арасындағы құқықтық теңдікті орнату. Кейіннен феминизмнің екінші толқынында күрестің бағыты еркек пен әйелдің толық теңдікке жетуге бет бұрды. Әсіресе, феминизмнің белсенділігі 1960- жылдары шыңына жетті. Кейбір феминизм ағымдары экстремистік бағытта орын тапқан. Одан басқа, қара терілердің азаматтық құқықтары үшін күрес, контркультураның қиялы, сексуалдық көтерілістің идеялары үлкен ықпал тигізді. Ең алғаш феминистік әдебиет АҚШ-та, кейіннен Ұлыбритания мен Франция елдерінде көсемсөз және саяси жанрларда пайда болды. Уақыт өте, «әйел» мәселесі түрлі академиялық зерттеулердің тақырыбы болып, антропология, этнология, әлеуметтану, психология, философия және саясаттану ғылымдарында орын табады [5, 56].

Феминист әйелдері және ғалымдар әйел қозғалысы тарихта бастапқы үш «толқынға» бөледі. «Бірінші толқын» XIX және XX ғасырдың бірінші жартысында дамыған суфражист қозғалысына жатады. Суфражист қозғалысының басты идеясы әйелдерге дауыс беру болып саналады. «Екінші толқынға» әйелдердің бостандығына арналған идеялар мен іс-әрекеттер жатады. 1960 жылы басталған әйелдердің бостандығы үшін қозғалыс әйелдер мен еркектердің заңды және әлеуметтік теңдігін жақтаған. «Үшінші толқын» екінші толқынның жалғасы және екінші толқынның сәтсіздігіне пайда болған саяси кертартпалық болып саналады. Үшінші толқынның басталуы 1990-жылдар болып есептеледі. Феминизмнің үшінші толқынына тән ерекшеліктер болып квір-

теория, нәсілшілдікке қарсы іс-әрекеттер, интернационализм және әйелдің сексуалдығы жайындағы стигматизациясына қарсылық табылады. Сонымен қатар, егер екінші толқында порнография әйелдердің қанауы деп қарастырылса, үшінші толқында порнографияны нейтралды көзқараспен қарастырады. Бүгінгі таңда Ребекка Уокер, Лили Тейлор, Наоми Вульф феминизм қозғалысының ең көрнекті өкілдері болып табылады. Әйелдердің феминизмді шығаруына түрткі болған жағдай: әйелдерді еркектерден төмен санау, әйелдердің нәзіктігін, қорғансыздығын пайдаланып зорлық-зомбылық көрсету [6, 102].

Көптеген әйелдер тұрмыстық зорлық-зомбылық көріп жатады. Бұл гендерлік теңдіктің болмауының, толық қалыптаспауының нәтижесі. Тұрмыстық зорлық-зомбылық - отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласында бір субъектінің басқаларға қатысты әдейі және/немесе психикалық азап әкелетін немесе әкелу қаупі бар қасақана іс-әрекеті. Тұрмыстық зорлық-зомбылық денеге, психологиялық және нәпсіқұмарлық ықпал ету нысанында болуы мүмкін. Ал, отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар - неке-отбасылық қатынастар; некесіз, бірақ бірге тұратын адамдар арасындағы қатынастар; бірге тұрмайтын бұрынғы жұбайлар; жақын туыс адамдардың арасындағы қатынастар шеңбері болып табылады. Қазақстанда тұрмыстық зорлық-зомбылық көріп жүрген әйелдердің көпшілігі ерлердің тепкісінде, соған көніп жүре береді. Бұған себеп әйелдер өз құқықтарын әлі де болсын толық білмейді және өз құқықтарын қорғай алмайды. Жыныстық белгісі бойынша кемсітушілік – жыныстық белгісі бойынша адамның құқықтары мен бостандықтарын кез келген шектеу немесе оларға қысым жасау, сондай-ақ оның қадір-қасиетін түсіру [7]. Әйелдерде: «отбасымды сақтап қалсам болды, қалғанының барлығына көнемін, отбасым бұзылмаса болды» деген ой қалыптасқан және осы ойдың құрсауынан әлі күнге шыға алмай жүр. Осылай ойлайтындықтан ұрып-соғу, көзіне шөп салу, әйелін үй қызметшісіндей көру сияқты кемсітулерге көнеді.

«Біздің гендерлік теңдік, экономикалық және саяси өмірге әйелдердің қатысуын кеңейту саласындағы саясатымыз әлемдік қоғамдастық тарапынан жоғары бағаланды. 2010 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумда Қазақстанның гендерлік рейтингте әлемнің 134 мемлекеті арасында 41 орын алғандығы атап өтілді. Бұл мәселе бойынша біз Еуроодақтың 14 мемлекетін басып озып, әлемнің ең дамыған 50 елінің қатарына кірдік», - деді Елбасы. Мемлекет басшысының атап өтуінше, елімізде гендерлік саясат тұжырымдамасы қабылданып жүзеге асуда. 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы Президент Жарлығымен бекітілген. Сондай-ақ қазақстандық заңнамадағы гендерлік бағытты күшейту мақсатында 2 заң қабылданған. «Біздің гендерлік саясатымыздың табыстылығының халықаралық мойындалуы Қазақстанның БҰҰ-ның гендерлік теңдік және әйелдер мүмкіндігін кеңейту жөніндегі атқарушы кеңесіне сайлануы болды», - деді Елбасы [8].

Еліміздегі 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясы гендерлік саясаттың алдағы жылдарда әрі қарай жүзеге асуына ықпал ететін басты құжат болып табылмақ. Дегенмен, менің ойымша, гендерлік теңдікке толықтай қол жеткізу үшін заңнамалық құжаттардың күші жеткіліксіз, өйткені бұған негізінен халықтың менталитеті мен дәстүрлі түсініктері де ықпал ететіні сөзсіз. Соған қарамастан, өткен жылдар тәжірибесіне көз салсақ, елімізде әйелдер қауымының гендерлік теңдікке біршама қол жеткізгендігін көруімізге болады. Қазіргі заманғы әйел тек ошақ басында қалып қоймай, кез-келген салада ерлермен қатар көптеген міндеттерді қатар алып жүруде.

Осылайша, өткен жылы елімізде тиімді гендерлік және отбасылық-демографиялық саясат қалыптасты. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік гендерлік саясат гендерлік теңдікке қол жеткізу саласындағы ұлттық және халықаралық тәжірибені, әлем қауымдастығы елдерінің өркениеттік, діни және мәдени ерекшеліктерін жан-жақты және мұқият ескеруге негізделген. Ол сабақтастық, прагматизм мен теңестік принциптеріне негізделген және ұлттық келісім мен бірлікті нығайтуға бағытталған.

Қорыта айтқанда, гендерлік саясат бұл дегеніміз, екі жұптың теңдігін әспеттеу, іскерлік қарым-қабілеті мол әйелге қолдау көрсету. Өйткені, қоғамның қазіргі даму үрдісі осыған жетелейді, осыған үндейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 29 қарашадағы N 1677 Жарлығы // <http://online.zakon.kz/document>

2. Нысанбаев А.Н. Гендер и народонаселение // В кн.: Проблемы гендера в контексте трансформации казахстанского общества. – Алматы: КазГосЖенПи, 2001. – С. 19 – 26.
3. Шеденова Н.У. Гендерная политика и глобализация // Евразия. – 2002, №5.–С.36–77
4. Чодорова Н. Материнство. - С- Пб., 1998. - С.122
5. Кэрролл С. Дж., Зерилли Л.М. Феминистские вызовы политической науке // Гендерная реконструкция политических систем: Сб. стат. – СПб., 2004 – С.56-91.
6. Тикнер Дж. Энн. Мировая политика с гендерных позиций. Проблемы и подходы эпохи, наступившей после «холодной войны». / Пер. с англ. М., 2006.-214 с
7. "Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 қарашадағы N 1126 Қаулысы. // <http://inform.kz/kaz/article/2619390>
8. Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 желтоқсандағы N 223-IV Заңы // <http://adilet.zan.kz/docs/Z090000223>

ПРИНЦИПЫ ПРАВОТВОРЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

Ануарбеков Ж., магистрант юридического факультета КарГУ им. академика Е.А. Букетова

Правотворческая деятельность государства обусловлена объективной необходимостью правового урегулирования и упорядочения поведения людей в основных сферах, направлениях и отношениях их общественной и государственной жизни. Содержание, характер, цели и результаты правотворческой деятельности определяются большим и сложным комплексом объективных и субъективных, материальных и духовных факторов. Существенное значение при этом имеют прежде всего такие факторы, как достигнутая степень социально-исторического, общецивилизационного и общеправового развития соответствующего народа, общества и государства; сложившиеся тип и форма государства и права; опыт и традиции государственно-правовой жизни данного народа; уровень политической и правовой культуры населения; социально-политическое и духовное состояние; степень развитости юридической доктрины; цели, содержание и характер правотворческой и в целом правовой политики общества и государства и т.д.

Учет всех этих факторов в их взаимосвязи и взаимодействии является необходимым условием и предпосылкой для успешной и продуктивной правотворческой деятельности, высокого правового качества и эффективного действия всей системы устанавливаемых норм и источников позитивного права.

Правотворчество представляет собой одну из важнейших функций государства, имеющую своей целью формирование целостной и внутренне согласованной системы правовых норм. Его можно охарактеризовать как процесс возведения государственной воли в закон в широком смысле слова путём принятия нормативных правовых актов, содержащих общеобязательные правила поведения.

Правотворческая деятельность – это сложный и многогранный процесс, требующий крайне выверенного и сбалансированного подхода в его организации. Правильная организация работы по приданию управленческим решениям нормативной правовой формы, проведению координационных и практических мероприятий в сфере правотворчества напрямую связана с эффективностью системы государственного управления и в конечном итоге с качественным уровнем жизни людей.

В этой связи актуальным является изучение основных идей, определяющих сущность и основные направления правотворческой деятельности, то есть её принципов. Исследования, посвящённые данной проблематике, имеют не только важное теоретическое, но и практическое значение, потому что необходимыми условиями совершенствования законодательства, практики его применения являются принятие государственными органами нормативных правовых актов в пределах их полномочий, определение соподчинённости (иерархии) этих актов, гласность в деятельности правотворческих органов (должностных лиц), системность и комплексность регулирования правом общественных отношений.

Важен грамотный, конкретный анализ принципов правотворчества, а здесь, к сожалению есть проблемы. Так, теоретики государства и права четко не определились, что понимать под принципами, как их увязывать с практикой, а главное — неимоверная путаница в количестве этих